

«Хабар» Агенттігі» АҚ
Директорлар кеңесінің 2017
жылғы 15 қарашадағы
шешімімен бекітілді
№ 6 хаттама

**«Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының
тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау
қағидалары**

Астана қ., 2017 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) ішкі нормативтік актілеріне сәйкес әзірленді және тәуекелдерді жүргізу, бағалау және бақылау тәртібін, рәсімдерін, әдістемесін айқындайды.

2. Тәуекелдерді сәйкестендіру Қоғамның және оның әрбір қызметкерінің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге айтарлықтай әсер етуі мүмкін оқиғаларды уақтылы анықтауға және тіркеуге бағытталған.

3. Тәуекелдерді сәйкестендіру теріс салдарға әкеп соқтырған бұрын іске асырылған оқиғалар тұрғысынан да, болашақ ықтимал оқиғалар тұрғысынан да жүргізіледі.

4. Сәйкестендірілген оқиғалар негізінде тәуекелдер тізілімі әзірленеді, ол Қоғам өз қызметі процесінде кездесетін барлық тәуекелдер тізбесі болып табылады.

5. Қағидалар Қоғамның ішкі құжаты болып табылады, оны Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді және Қоғамның және Қоғамның Алматы филиалының (бұдан әрі-Филиал) барлық құрылымдық бөлімшелері қолдануға міндетті.

2. Негізгі анықтамалар мен қысқартулар

6. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) тәуекел - іске асырған жағдайда Қоғамның өзінің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттарына қол жеткізуіне елеулі теріс әсер етуі мүмкін болашақтағы ықтимал оқиға немесе мән-жайлардың жиынтығы;

2) тәуекелдер картасы - олардың ықтимал әсер ету шамасына және іске асыру ықтималдығына қарай Қоғам тәуекелдерінің графикалық бейнеленуі мен мәтіндік сипаттамасы;

3) тәуекелдің басталу ықтималдығы - тәуекелдің туындау жиілігі;

4) ықпал ету - тәуекелді іске асыру кезінде туындауы мүмкін ықтимал залалдың шамасы;

5) тәуекелдер тізілімі - Қоғам өз қызметі процесінде тап болуы мүмкін тәуекелдер тізбесі.

3. Тәуекелдерді сәйкестендіруді және бағалауды жүргізу тәртібі

7. Қоғамның әрбір қызметкері тұрақты негізде Қоғамның қызметіне әсер ететін тәуекелдерді сәйкестендіреді және бағалайды. Анықталған тәуекелдер сауалнамаларда немесе Қоғамның тәуекел менеджері жүргізетін басқа да іс-

шаралар кезінде көрсетіледі.

8. Сәйкестендірілген оқиғалар негізінде тәуекел-менеджер қызметкер/құрылымдық бөлімше ұсынған тәуекелдер туралы ақпаратты талдайды және Қоғам кездесетін барлық тәуекелдердің жүйелендірілген тізбесі болып табылатын тәуекелдер картасын жасайды. Қажет болған кезде, сәйкестендірілетін тәуекелдердің ақпаратын неғұрлым толық ашу үшін тәуекел-менеджер құрылымдық бөлімшелерден қосымша ақпаратты сұратуға құқылы.

9. Тәуекел-менеджер жыл сайынғы негізде болжамды кезеңнің алдындағы жылдың 31 желтоқсанына дейін Қоғам Басқармасының қарауына тәуекелдер тізілімін және тәуекелдер картасын ұсынады.

4. Тәуекелдерді сәйкестендіру

10. Тәуекелдерді сәйкестендіру Қоғамға теріс әсер етуі мүмкін ішкі және сыртқы оқиғаларды анықтау үшін қажет. Тәуекелдерді уақтылы анықтау, ескерту сипатындағы іс-шараларды айқындау осы іс-шараларды қаржыландыру жөніндегі жоспарды қалыптастыруды қамтамасыз ете алады, бұл өз кезегінде жалпы Қоғам қызметінің тиімділігіне әсер етеді. Тәуекелдерді анықтау үшін әртүрлі әдістер мен құралдардың комбинациясы қолданылады.

11. Тәуекелдерді келесі әдістерді қолдану арқылы анықтауға болады:

1) тәуекелдерді бастапқы анықтау және түгендеу – тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу кезеңінде Қоғамның тәуекелдер тізілімін жасау, сондай-ақ оны жыл сайын қайта қарау. Бұл кезеңде тәуекелдерді анықтау жүреді және оларды басқару тетіктерін кейіннен бағалау және дамыту мақсатында Қоғамның тәуекелдер тізілімі қалыптасады. Бұл ретте, бұрын анықталған тәуекелдерді қайта қарау тәуекелдердің өзектілігі мен маңыздылық деңгейін айқындау мақсатында тұрақты негізде жүзеге асырылады деп болжанады;

2) әлеуетті тәуекелдерді табу – Қоғамның ағымдағы қызметі барысында әлеуетті тәуекелдерді анықтау. Осы кезеңде құрылымдық бөлімшелер әлеуетті тәуекелдерді тұрақты негізде талдап, бағалауы және қажет болған жағдайда жаңа тәуекелді Қоғамның тәуекелдер тізіліміне енгізуі тиіс;

3) Қоғамның бес жылдық кезеңге арналған даму стратегиясына сәйкес Қоғамның қойылған стратегиялық мақсаттары негізінде тәуекелдерді сәйкестендіру. Қойылған стратегиялық мақсаттар негізінде олардың қол жеткізуіне әсер етуі мүмкін әлеуетті оқиғалар айқындалады. Оқиғалар тәуекелдердің меншік иелерімен сәйкестендіріледі және тәуекелдерді басқаруға жауапты бөлімшемен келісуден өтеді және осы негізде нақты арнаға (бөлімшеге) тән және (немесе) оның қызметіне байланысты тәуекелдер тізілімі - тәуекелдер тізбесі жасалады (немесе түзетіледі немесе толықтырылады);

4) сұхбат беру: Қоғамның тәуекелдерді басқаруға жауапты тәуекел-менеджері бар және ықтимал тәуекелдерді және оларды басқару жолдарын

талқылау үшін Қоғамның басшыларымен не құрылымдық бөлімшелерінің өкілдерімен мақсатты сұхбат жүргізеді;

5) семинарлар мен талқылаулар: тәуекелдер тізілімі Қоғамға және оның мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етуі мүмкін ықтимал оқиғаларды Қоғам қызметкерлерімен талқылау (кеңестер, дөңгелек үстел және т.б.) негізінде жасалады. Мұндай талқылаулар әрбір құрылымдық бөлімшенің шеңберінде немесе Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің өкілдерімен өткізілуі мүмкін;

6) аудиторлық тексерулердің, мемлекеттік органдарды тексерулердің, сондай-ақ уәкілетті органды тексерулердің нәтижелері бойынша есептерді талдауды қамтиды. Бұл әдіс Қоғам қызметінің жекелеген бағыттарын тексеруді білдіреді және жекелеген сараптамалық әдістерді (сауалнама, сұхбат) жүргізумен ұштастырылуы мүмкін. Қолда бар құжаттама мен регламенттерді қолданудың нақты практикасы арасындағы сәйкестік тексеріледі, нормативтік база мен нұсқаулықтарға талдау жүргізіледі, нәтижесінде қорытынды дайындалады, оның негізінде тәуекелдерді сәйкестендіру жүргізіледі;

7) салалық және халықаралық салыстырулар: тәуекелдер тізілімі Қоғамға тән ықтимал оқиғалар тізбесі, оның ішінде Қазақстан мен әлемдегі телехабар тарату саласындағы бәсекелестерді талдау негізінде жасалады.

5. Идентификация операционных рисков

1. Процесс идентификации операционных рисков осуществляется в рамках процесса идентификации и оценки рисков на постоянной основе в соответствии с настоящими Правилами.

2. Основной целью управления операционными рисками является обеспечение эффективного функционирования Общества с учетом влияния внутренней и внешней среды. Основными задачами в области управления операционными рисками являются: повышение эффективности операционной деятельности, совершенствование бизнес-процессов, минимизация потерь от операционных рисков,

3. В зависимости от обстоятельств (причин) возникновения операционных рисков, события или случаи проявления операционных рисков классифицируются по факторам риска следующим образом:

1) внешние мошенничества – подлог и подделка документов, кражи документов/информации, взлом информационных систем и другие случаи, произошедшие по вине третьих лиц;

2) внутренние мошенничества – случаи возникновения убытков из-за умышленных действий работников Общества, в том числе, подделка или фальсификация документов, сговора с поставщиками с корыстным умыслом, искусственное завышение цены, использование работников оборудования, материалов или ресурсов Общества в личных целях, применение технологий

компьютерных преступлений, злоупотребление служебным положением, растрата материальных ценностей, незаконное присвоение или умышленное нанесение ущерба имуществу Общества;

5. Операциялық тәуекелдерді сәйкестендіру

12. Операциялық тәуекелдерді сәйкестендіру процесі тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау процесі шеңберінде осы Қағидаларға сәйкес тұрақты негізде жүзеге асырылады.

13. Операциялық тәуекелдерді басқарудың негізгі мақсаты ішкі және сыртқы ортаның әсерін ескере отырып, Қоғамның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады. Операциялық тәуекелдерді басқару саласындағы негізгі міндеттер мыналар болып табылады: операциялық қызметтің тиімділігін арттыру, бизнес-процестерді жетілдіру, операциялық тәуекелдерден болатын шығындарды барынша азайту,

14. Операциялық тәуекелдердің пайда болу мән-жайларына (себептеріне) қарай операциялық тәуекелдердің пайда болу оқиғалары немесе жағдайлары тәуекел факторлары бойынша былайша жіктеледі:

1) Сыртқы алаяқтық – құжаттарды жалғау және қолдан жасау, құжаттарды/ақпаратты ұрлау, ақпараттық жүйелерді бұзу және үшінші тұлғалардың кінәсінен болған басқа да жағдайлар;

2) ішкі алаяқтық – Қоғам қызметкерлерінің қасақана іс-әрекеттері, оның ішінде, құжаттарды қолдан жасау немесе бұрмалау, өнім берушілермен пайдакүнемдік ниетпен сөз байласу, бағаны жасанды көтеру, қызметкерлердің жабдықтарды, материалдарды немесе Қоғам ресурстарын жеке мақсаттарда пайдалануы, компьютерлік қылмыстар технологияларын қолдану, қызмет бабын теріс пайдалану, материалдық құндылықтарды ұрлау, Қоғамның мүлкіне заңсыз иемдену немесе қасақана нұқсан келтіру салдарынан залалдардың туындау жағдайлары болып табылады;

3) еңбек қатынастары – қызметкерлермен еңбек даулары жағдайлары, еңбек заңнамасының ережелерін, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды бұзу, кадрлардың көп тұрақтамауы, қызметкерлердің құпия ақпаратты жария етуі, персоналдың жеткіліксіз біліктілігі;

4) клиенттер және іскерлік практика – негізгі қызметті жүзеге асыру кезінде заңнаманы бұзу; негізгі қызметке байланысты шарттардан туындайтын міндеттемелерді клиенттер, контрагенттер және өзге де үшінші тұлғалар алдында орындамау немесе тиісінше орындамау; іскерлік айналым дәстүрлерін бұзу жағдайлары;

5) ақпараттық және техникалық жүйелердегі іркілістер – жабдықтар мен жүйелердің істен шығу жағдайлары, соның салдарынан ақпараттық деректердің жоғалуы, қадағалау органдарына есептіліктің уақтылы ұсынылмауы және өзге;

б) бизнес процестерді басқару - белгіленген лимиттерді бұза отырып, ішкі

процестер мен рәсімдерді тиімсіз құру;

7) ақпаратты қорғау жүйесінің және оған қол жеткізу тәртібінің болмауы – ақпаратты қорғау нормалары мен оған қол жеткізу тәртібін айқындайтын регламенттеуші құжаттардың жеткіліксіз орындалуы.

6. Тәуекелдерді бағалау

15. Тәуекелдерді бағалау әр тәуекелдің себептерін, оларды жүзеге асырудағы ықтимал теріс салдарларды және белгілі бір тәуекелдің жүзеге асырылу ықтималдығын қарастыруды қамтиды.

16. Бастапқыда тәуекелдерді бағалау сапалы негізде жүргізілуі керек, содан кейін ең маңызды тәуекелдер үшін сандық бағалау жүргізілуі мүмкін. Сандық бағалауға жатпайтын тәуекелдер тек сапалық негізде бағаланады.

17. Сандық бағалау нақты аналитикалық мәліметтерді алуға мүмкіндік береді және тәуекелдерді қаржыландыру әдістерін жасауда әсіресе пайдалы болады.

18. Тәуекелдерді сапалы бағалауға дайындық кезеңінде мұндай бағалаудың негізгі параметрлері белгіленеді. Тәуекелдерді бағалау екі көрсеткіш бойынша жүргізіледі – тәуекелдің жиілігі немесе ықтималдығы және теріс салдардың әсер ету дәрежесі. Тәуекелдердің өзара салыстырылуын қамтамасыз ету және сапалы бағалауды жеңілдету үшін балдық шкала енгізіледі:

Тәуекелдің жиілігі немесе ықтималдығы (балда)	Мәні	Жиілік немесе ықтималдық
1	өте сирек	5 жылда және одан да көп жылда 1 рет
2	сирек	3 жылда 1 рет
3	кейде	1 жылда 1 рет
4	жиі	бір тоқсанда 1 рет
5	өте жиі	бір айда 1 рет

19. Әсерін қаржылық көрсеткіштерде бағалау қиын тәуекелдер үшін (мысалы, персоналдың тәуекелдері, беделі және т.б.) салыстырмалы баллдарда тәуекел мөлшерін көрсететін сипаттамалар енгізіледі. Тәуекелдердің маңыздылығының қаржылық емес көрсеткіштері қойылған міндеттерден елеулі ауытқуды ескере отырып, теңгерімді көрсеткіштер негізінде айқындалуы мүмкін.

Балл	Ықпал ету дәрежесі	Тәуекелдің басталуынан болатын ықтимал шығын
1	болмашы	тәуекелді іске асырған жағдайда қандай да бір салдардың болмауы
2	төмен	тәуекелді іске асырудан болатын салдарлар болмашы

3	орташа	тәуекелді іске асырудың салдары шамалы және толығымен түзетілуі мүмкін
4	елеулі	тәуекелді іске асырудың салдары өте маңызды, бірақ белгілі бір дәрежеде түзетілуі мүмкін
5	апатты	тәуекел іске асырылған жағдайда Қоғам осы тәуекелмен байланысты салдарлардан іс жүзінде қалпына келе алмайды

20. Барлық сәйкестендірілген және бағаланған тәуекелдер тәуекелдер картасында көрсетілуі тиіс.

21. Тәуекелдер картасы Қоғамның тәуекелдерге бейімділігінің графикалық бейнесі мен мәтіндік сипаттамасын білдіреді және Қоғамның тәуекелдерін басқару жөніндегі міндетті құжат болып табылады.

22. Тәуекелдер картасы әрбір тәуекелдің салыстырмалы маңыздылығын бағалауға (басқа тәуекелдермен салыстырғанда), сондай-ақ сыни болып табылатын және оларды басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді талап ететін тәуекелдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Тәуекелдер картасын құру төмендегілерге мүмкіндік береді:

1) Қоғамның барлық операцияларына қолданылуы мүмкін шеңберде тәуекелдерді ұстап қалу әлеуетін айқындау;

2) Қоғамның сыни тәуекелдерінің тізбесін әзірлеп, оларды басқару жөніндегі процестердің болуын қамтамасыз ету, тәуекелдердің басымдығын айқындау және қаржы ресурстарын бөлу.

23. Тәуекелдер картасы әртүрлі түстермен бөлінген бірнеше аймаққа бөлінген.

1) қызыл аймақ - Қоғам үшін не басталуының жоғары ықтималдығына байланысты, не Қоғамның қаржылық тұрақтылығына әсер етуі мүмкін залалдың елеулі әлеуетіне байланысты сыни болып табылатын тәуекелдер;

2) қызғылт сары аймақ - басталу ықтималдығы жоғары немесе Қоғамның қаржылық тұрақтылығына үлкен әлеуетті әсері бар тәуекелдер;

3) сары аймақ - орташа басталу ықтималдығы немесе қоғамның қаржылық тұрақтылығына орташа әлеуетті әсері бар тәуекелдер.

4) жасыл аймақ – басталу ықтималдығы төмен және (немесе) Қоғамның қаржылық тұрақтылығына елеулі әсер етпейтін тәуекелдер.

7. Қорытынды ережелер

24. Қоғамдағы тәуекелдерді бағалауды ұйымдастыруға, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау әдістерін жетілдіруге Қоғамның тәуекелдерді басқаруға жауапты тәуекел-менеджері жауапты болып табылады.

25. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен қажеттілігіне қарай енгізіледі.

26. Осы Ереже оларды Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.
